



"Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 28 ақпандағы N 30 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 12 наурызда тіркелді. Тіркеу N 270. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық банкі басқармасының 2002 жылғы 16 ақпандағы N 54 қаулысымен. ~V021852

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіпқой қызметті реттеу және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Мыналарды жүзеге асыруға арналған лицензия алу үшін БҚҰК-ға

құжаттар беру күніне жеке капиталдық жеткілікті деңгейі былайша белгіленсін:

нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті - кемінде 15000 есепті көрсеткіш;

клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті - кемінде 5000 есепті көрсеткіш;

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚР БҚҰК 1997.06.30 N 113

V970361_

қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың төртінші және бесінші абзацтары күші жойылды - ҚР

БҚҰК 1998.06.25.

V980562_

қаулысымен.

2. Брокерлік және дилерлік, тіркеушілік қызметке лицензиясы бар

кәсіпқой қатысушылар 15 сәуірге дейінгі мерзімде жеке капиталының жеткілікті деңгейін және олардың бағалы қағаздар рыногындағы қызметін айқындайтын құжаттарын осы қаулыға және қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендірсін.

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті реттеу басқармасына және Ұлттық комиссияның оған жетекшілік ететін мүшесіне жүктелсін.

4. Қаулы қабылданған сәттен бастап күшіне енеді.

Ұлттық комиссияның

Төрағасы